

дүңдеу - 4/5
1779

ISSN 1563-0269
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№3 (93)

2006



Работая над материалами словаря, преподаватель может составить упражнения на усвоение семантики слова, на выработку навыка образования однокоренных слов, на перевод и усвоение значений и оттенков значений полисемантических слов, на привитие умений и навыков в правильном выборе из данных слов или в самостоятельном их подборе для сочетания с другими словами, на составление словосочетаний и предложений из данной лексики или из лексики,

которую учащиеся должны подобрать по словарю самостоятельно по заданной тематике.

Способы раскрытия лексики непосредственно увязываются с типами лексических соответствий, так как тип лексического соответствия в первую очередь определяет необходимый для раскрытия семантики способ.

1. Русско-казахский словарь. Под ред. Н.Сауранбаева. – А.: Наука, 1978-81.

Г. Т. Сырлыбаева

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНТОНИМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

В данной статье автор рассматривает пути образования фразеологических антонимов казахского языка

Тілдік фактілерден мағына қарама-қарсылығы фразеологизмдерге де тән құбылыс екенін аңғаруға болады. Фразеологизмдердің қарама-қарсы мағынада жұмсалыуы лексикалық антонимдерге қарағанда өзіндік сипатымен ерекшеленеді.

Академик В.В.Виноградов: “идиом да, фраза да белгілі бір сөз тізбектері: идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып бір ғана лексикалық ұғым береді”-дейді [1,23]. Осы пікірге қосыла отырып төмендегідей мысал келтіреміз:

“ит жеккен жер”, “қой аузынан шөп алмас”, “қырғи қабақ болу”, “екі езуі құлағына жету”, “су жүрек” т.б. фразеологизмдердің семантикасына зер салсақ, “алыс”, “момын”, “араз”, “қуану”, “қорқақ” деген бір ғана лексикалық ұғымды білдіреді. Аталған фразеологизмдердің беретін мағыналарын анықтағаннан кейін, оларға қарама – қарсы мағынадағы фразеологизмді, яғни олардың антонимдік жұбын көрсетуге болады:

ит жеккен жер (алыс) ↔ қарға адым (жақын)
қой аузынан шөп алмас (момын) ↔ шаш ал десе, бас алар (нысық)
қырғи қабақ болу (араздасу) ↔ сүттей үю (тату)
екі езуі құлағына жету (қуану) ↔ сары уайымға салу (қайғыру)
су жүрек (қорқақ) ↔ жүрек жұтқан (батыр)

Ойымызды ары қарай нақтылау үшін, фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдарын ғалымдардың ой-тұжырымдарын келтіре отырып анықтасақ. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдарына қатысты ғалым Ж. Мусин төмендегідей тұжырым жасайды:

1. Фразалық тіркестердің бір немесе екі компоненті тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналы сөздер болу керек:

бейнет көру- рахатқа бату
күн бата - күн шыға

2. Антонимдік жұп құрайтын фразалық тір-

кестерде мағынаға өзек боларлық сөз қайталанып келуі мүмкін:

бағы тайды- бақ қонды
орнын сипады – орнынан басты

3. Антонимдік мағына фразалық тіркестердің компоненттерін түгел қамту керек:

өңменінен итеру – бауырына тарту
ындыны кепкен – бейілі тоқ [2, 20].

Ғалым Ә.Болғанбаев пен Ғ.Қалиұлы фразеологизмдерде қарама-қарсылықтың берілуінің тек екі түрін көрсетеді:

1. Тұрақты тіркестің өз ішіндегі компоненттерді басқа сөздермен алмастыру арқылы:

аты шықты-аты өшті
ашық мінез-тұйық мінез

2. Құрылым-құрылысы жағынан мүлдем басқа сөздерден жасалады:

соры сорпадай қайнады-көзі ашылды
шөлі қанды-қаны кепті [3, 113].

Зерттеуші Қ.Сарбасова осы мәселеге қатысты мынадай қарсы пікір айтады:

“біздіңше, бұл тіркестегі мағына қарама-қарсылығы “бақ” сөзінің қайталануы (Ж.Мусин көрсеткендей) немесе “жай ауыстыру” нәтижесінде емес (Ә.Болғанбаев көрсеткендей), бір сыңардың антоним болуы нәтижесінде беріліп тұр. Мысалы: “сөз беру - сөз алу” тіркестерін алайық. Қарама-қарсылық “сөз” сөзінің қайталануынан емес, “алу”, “беру” сөздерінің жеке тұрғандағы қарама – қарсы мағынасынан туындайды”[4, 45].

Бір қарағанда *сөз беру – сөз алу* жұбындағы антонимдік мағына *беру – алу* сөздерінің мағыналары қарама-қарсы тұрған сияқты. Алайда, бұл жердегі “сөз” абстрақтылы ұғымды білдіріп тұр. Нақты затты алуға, беруге болады (кітапты, қаламды). Мұнда мағына қарама-қарсылығын анықтағанда *сөз беру - сөз алу* фразеологизмдерінің тұтас семантикасына сүйенеміз.

Біздіңше, алдыңғы айтылған екі пікірді дұрыс деп танымыз. “Бағы тайды-бақ қонды”, “есіне түсірді-

есінен шығарды” деген фразеологизмдерде ойға тірек, ұйытқы боларлық сөздер - *бақ, ес*. Бұл сөздер антонимдік жұп құрған фразеологизмдерде қайталанып келіп тұр. Тұрақты тіркестегі ой негізінде сол тірек сөз атауы болып тұрған зат немесе құбылыс жайында болады. Және антонимдік жұп құрағанда, осы зат я құбылыстың екі түрлі күйін білдіреді. Антоним жақсауда фразеологизмнің басқа да компоненттері (*таю-қону, түсіру-шығару*) елеулі роль атқарады. Аталған компоненттер *бақ, ес* сөздерінің екі түрлі күйін айқындаушы болып табылады.

Өзге тілдерде де фразеологиялық антонимдердің жасалу жолдары жайлы топтастыруларды кездестіреміз.

Мәселен, башқұрт тіліндегі фразеологиялық антонимдерде қарама-қарсылықтың берілу жолдарына қарай З.Г.Ураксин үш түрін көрсетеді:

1. Семантикалық мағынасы қарама-қарсы өртүрлі бірліктегі антонимдер.

2. Фразеологизмдердің құрылымын өзгерту арқылы пайда болған антонимдер.

3. Аффикстер мен болымсыздық демеуліктер арқылы жасалған антонимдер [5, 119].

Орыс және неміс тілдеріндегі фразеологиялық антонимдерді арнайы зерттеген ғалым Е.Н.Миллер фразеологизмдердегі антонимия құбылысын анықтауға қатысты мынадай пікір айтады: “основным способом установления антонимии фразеологизмов следует, по нашему мнению, считать анализ структуры их значений: антонимия устанавливается путем обнаружения у противопоставляемых фразеологизмов общих (тождественных) и противоположных (контрарных или контрадикторных) семантических значений” [6, 93].

Бір сөзбен айтқанда, ғалым фразеологизмдердегі антонимдік қасиет олардың тұтастай мағыналарының қарама-қарсы келуінде деген ой түйеді. Автор лексика-семантикалық құрамына қарай фразеологиялық антонимдердің төрт түрлі жасалу жолын ұсынады:

1. Құрамында бірдей сөзі немесе антонимдік компоненті жоқ, құрылым-құрылысы жағынан өртүрлі сөздерден жасалған фразеологиялық антонимдер.

2. Құрамында қарама-қарсы мағынадағы лексикалық бірлігі бар фразеологиялық антонимдер (*надеть розовые очки- снять розовые очки*).

3. Антоним жасаушы компоненттері күңгірт қарама-қарсы мағынаны білдіретін фразеологиялық антонимдер.

4. Бір фразеологизм екіншісінен антоним жасаушы компоненттер арқылы ажыратылатын, лексикадағы сияқты болымсыздық аффикстері арқылы жасалатын фразеологиялық антонимдер [6, 101].

Орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдер мәселесіне қатысты ғылыми мақаласында М.И.Сидоренко қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмдердің жасалуының екі жолын көрсетеді:

1. Меншікті (*собственный*) фразеологиялық антонимдер. Мұнда антонимдік қасиет фразеологиялық бірліктің мағынасын тұтастай қамту керек. Мысалы: себе на уме (хитрый, скрытный) - душа на распашку (прямодушный, откровенный).

2. Лексика фразеологиялық антонимдер – құрамында антоним сөзі бар фразеологизмдер:

белая кость (человек знатного происхождения) – *черная кость* (человек не знатного происхождения) [7, 97].

Зерттеуші С.А.Барсикьян да орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалу жолының екі түрін көрсетеді:

1. Бір құрылымды (*одноструктурный*) – құрамында антоним компоненттері бар, сол арқылы ерекшеленетін фразеологиялық антонимдер (*горячая душа-холодная душа*)

2. Әр түрлі құрылымды (*разноструктурный*) – бір-бірінен өзінің лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы арқылы ерекшеленетін фразеологиялық антонимдер (*душа в душу - как кошка с собакой*) [8, 87].

Бұл тұста фразеологиялық антонимдерді жасалу жолдары қазақ, орыс, башқұрт тілдерінде өте ұқсас екенін байқауға болады. Соңғы көрсетілген тұжырымдарда зерттеуші М.И.Сидоренко мен С.А.Барсикьян орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдердің жасалуына бірдей анықтама береді де, бірдей топтастырады. Тек берген атаулары ғана өртүрлі.

Зерттеуші А.И.Молотков антонимдік жұп құрайтын фразеологизмдердің компоненттері мағыналық жағынан бір-біріне тепе-тең болу керек, бір не екі компоненті қарама-қарсы мағынада жұмсалады немесе құрамындағы бір сөз қайталанып келуі қажет дейді [9, 18].

Автор антонимдік мағына фразеологизмдердің компоненттерін түгел қамту арқылы жасалатындығына мүлдем тоқталмайды. Әдетте, тілде қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмдердің жасалуының бұл түрі өте көп ұшырасатынын ескере кеткен жөн.

Фразеологиялық антонимдер жасауға негіз болатын – болымсыздық аффикстер деген тұжырымды ғалым Е.Н.Миллер, З.Г.Ураксин ұсынады. Ал, қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерге бұл құбылыс тән бе? деген мәселе анықтауды қажет етеді. Тіпті болымсыздық аффикстерінің лексикалық антонимдерге қатысы жалпы тіл білімінде ғалымдар мен зерттеушілердің қайшы пікір таласын тудырды.

Қазақ тіл білімінде І.Кенесбаев пен Ғ.Мұсабаев, Ж.Мусин сынды ғалымдардың еңбектерінде *-сыз, -сіз, -ма, -ме, -ба, -бе* аффикстері (сулы-сусыз, бақытты-бақытсыз) антоним тудыра алмайды деген көзқарас қалыптасқан.

Зерттеуші Ж.Мусин бұл ойын былай деп түсіндіреді: *сулы жер-сусыз жер* дегенді салыстырып қарайық. Мұндағы *сулы* деген сөз жерде судың бар екендігін білдіріп тұр. Семантикалық жағынан алғанда бұл жерге берілген баға іспетті. Ал *сусыз* деген сөз осы бағаны мүлде жоққа шығарады. Бірақ жерге жаңа баға бермейді. Мұндай бағаны *құрғақ* деген сөздің бойынан табамыз. Демек, *сулы-құрғақ* дегендер антоним сөздер. Ал *сулы-сусыз* дегендер бірін-бірі жоққа шығарып тұрған болымды, болымсыз тұлғалар болып табылады [2, 20].

Демек, бұл тұста қарама-қарсы ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарумен, затқа, құбылысқа және оның сапасына жаңа баға беруімен ерекшеленеді. Бұл антоним сөздердің мағынасы арқылы көрінуі тиіс. Ал болымсыздық аффикстері затқа, не оның сапасына жаңа баға бере алмайды, тек бірін-бірі жоққа шығарумен

ғана шектеледі деген тұжырым қалыптасқанын аңғаруға болады.

Зерттеушілердің екінші бір тобы Ә.Болғанбаев пен Ф.Қалиұлы, М.Оразов, А.Жұмабекова, А.Жүсіпов зерттеулерінде болымсыздық аффикстері антоним тудыра алады деген пікір қалыптасқан. Олар: “бақытты-бақытсыз сөздерін антоним деп қараған дұрыс. Себебі, сөз тудырушы жұрнақ жаңа сөз жасайды да, лексика-грамматикалық категорияның құрамына енеді” – дейді. [10, 145].

Болымсыздық аффикстері қосылу арқылы антонимдер жасалады деген пікірді түркі тілдерінде М.Үсібалиев (қырғыз тілі), Б.Байжанов (түркімен тілі), Ж.Ф.Киекбаев (башқұрт тілі) сияқты зерттеушілер де құптайды.

Орыс тіл біліміндегі ғалымдардың басым көпшілігі бір түбірден жасалаған антонимдерді тілге тән құбылыс деп таниды. Негізінен орыс тіліндегі туынды антонимдер екі түрлі жолмен жасалады:

1. Түбірге приставка қосу арқылы (вбежал-выбежал)

2. Түбірге не частицасы қосылу арқылы (богатый-небогатый)

Бұл тұжырымды Л.А.Новиков, Л.А.Введенская, М.Р.Львов сияқты ғалымдар құптайды.

Болымсыздық аффикстерінің фразеологиялық антонимге қатысы да келеңді мәселе.

Орыс тіліндегі фразеологиялық антонимдерге осы құбылыстың қатысы жөнінде М.И.Сидоренко былай дейді: “не образует антонимичности присоединение к фразеологизму отрицательный частицы не (по вкусу – не по вкусу), не в подобных случаях сохраняет свое лексическое и грамматическое значение и выполняет основную функцию – функцию отрицания, не влияет как ее структурный компонент”. [7, 95].

Керісінше Е.Н.Миллер лексикадағы сияқты фразеологизмдерде болымсыздық аффикстері антоним тудыра алады дейді. Автор *по вкусу – не по вкусу, по доброй воле – не по доброй воле* деген фразеологизмдерді антоним ретінде қарастырған [6, 101].

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ішінде:

1. бағы жану - бағы жанбау
(бақытты - бақытсыз)
2. бас ию - бас имеу
(мойынсуну - мойынсүнбау)
3. көз ілндіру - көз ілмеу
(ұйықтау - ұйықтамау)
4. селт ету – селт етпеу
(қорқып кету - қорықпау)
5. ыңғайы келу – ыңғайы келмеу
(орайы табылу - оралымы жоқ)
6. кіріптар болу – кіріптар емес
(тәуелді - тәуелді емес)
7. бой салды – бой салдырмау
(сенді - сенбеді)
8. бүйірі шығу – бүйірі шықпау
(тою - тоймау)
9. сабыр қылу – сабыр қылмау
(шыдам-төзім білдірді – шыдам-төзімі құрыды)
10. сөз беру – сөз бермеу
(уәде байласты - уәде байласпады)

деген сияқты жұптар кездеседі. Осы аталған жұптар

антоним болады ма, жоқ па? деген сауал туындайды. Мысалда берілген фразеологизмдер *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* аффикстері және де *емес* сөзі арқылы берілген. Бұл аффикстер жаңа сөз тудыра алмайды, сөз түрлендіруші жұрнақтар екенін ескеру қажет. Олай болса, компоненттері бірдей сөздерден болған, тек сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы жасалған фразеологизмдерге антонимдік қасиет тән емес. *Бағы жану – бағы жанбау* деген фразеологиялық жұптар *бақытты-бақытсыз* деген мағынаны білдіреді. Мұндағы *бағы жану* фразеологизмі *бағы жанбау* деген фразеологизмнің мағынасын жоққа шығарады, бірақ адам халіне жаңа баға бермейді. *Бағы жану* деген фразеологизмге *сорлы* мағынасында жұмсалатын фразеологизм антоним болады. Сонда, *бағы жану – соры арылмау*-фразеологиялық антонимдер. *Бағы жану - бағы жанбау* қайшы мәнде қолданылып, тек бірін-бірі жоққа шығару қасиетіне ғана ие фразеологизмдер болып табылады. Дәл осылай жоғарыда келтірілген компоненттері бірдей сөздерден жасалған фразеологиялық жұптардың мағынасына қарай антонимін анықтауға болады:

1. бас ию – ырық бермеу
2. көз ілндіру – танды көзбен атқызу
3. селт ету – міз бақпау
4. ыңғайы келу – теріске тарту
5. кіріптар болу - өз билігі өзінде
6. бүйірі шығу – қарны қабысу
7. сабыр қылу – ашуга міну
8. сөз беру – уәдесінен таю

Антоним сөздер фразеологиялық бірліктер құрамына компонент ретінде кірігеді. Тілімізде бір ғана фразеологизмнің құрамында антоним сөздің болуы да ұшырасады:

- | | |
|--|----------------|
| акты-қарасын ашу | (ақ-қара) |
| алды-артын орау | (алды-арты) |
| ілгері басқан аяғы кейін кету | (ілгері-кейін) |
| оң мен солын айыру | (оң-сол) |
| өтірікті шындай қылу | (өтірік-шын) |
| астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшыру | (асты-үсті) |
| барынан жоғы игі | (бар-жоқ) |
| дос-дұшпаны күлу | (дос-дұшпан) |

Немесе әр компоненті бір-біріне антоним болып келетін фразеологизмдерді де кездестіруге болады:

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру.

Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу.

Дұшпанның отын сөндіру, достың атын жандыру.

Күле кіріп, күңірене шығу.

Дәл осы сияқты бір ғана фразеологизмге антоним сөздердің қатысын тілдік құбылыс ретінде қарастырып отуға болады. Айтылған мәселелерге қатысты ойымызды түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдар шығады:

- Фразеологизмдердегі антонимдік қасиетті анықтауда олардың беретін мағыналары үлкен роль атқарады;

- Қарама-қарсы мағынадағы фразеологизмдердің құрамында жеке алғанда антоним болатын сөздер ұшырасады. Номинативті мағынасында антоним бола тұра, олар фразеологиялық бірліктің құрамында да өздерінің антонимдік қасиетін сақтайды;

• Антонимдік қасиет фразеологиялық бірліктердің компоненттерін түгел қамтуы тілде фразеологиялық антонимдерді жасаудың өнімді тәсілі болып табылады;

• Фразеологиялық антонимдерді жасауда ойға ұйтқы, тірек болатын сөздің қайталанып келуі де кездеседі (есіне түсіру – есінен шығару, ант ішу-ант бұзу);

• Қазақ тілінде болымсыздық аффикстері фразеологиялық антонимдер жасауға негіз болмайды;

1. Виноградов В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. // Сборник статей. Москва, 1947. Вып. 3. – с. 211.

2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 1984. – 176 б.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997. – 256 б.

4. Сарбасова Қ.Б. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологиялық бірліктердің лексика - семантикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. диссертация. Алматы, 1999. – 114 б.

5. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. Москва: Наука, 1975. – с. 192.

6. Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. Саратов, 1990. – с. 216.

7. Сидоренко М.И. О фразеологических антонимах русского языка. Русский язык в школе. 1969. № 3. – с. 94-97.

8. Барский С.А. К вопросу об антонимах слов и фразеологических единиц в современном русском языке. Вопросы фразеологии. Вып. 10. Самарканд, 1976. – с. 89-91.

9. Фразеологический словарь русского языка. Под редакцией А.И.Молоткова. Москва, 1968. – с. 543.

10. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991. – 216 б.

3. П. Табакова

ЭТНИЧЕСКОЕ ДВУЯЗЫЧИЕ В ДИАЛОГЕ ЛИНГВОКУЛЬТУР

В сущности вся обширная наука филологии замкнута на слове.

О.Н.Трубачёв

Бурное развитие лингвистики на рубеже тысячелетий привело к разработке новых направлений исследования. В самостоятельные отрасли языкознания оформились психолингвистика, социолингвистика, лингвокультурология. Как самостоятельное направление, «исследующее языковые формы и средства выражения национальной культуры, менталитета и психологии народа» [1, 199] получила признание этнолингвистика.

На наших глазах в самостоятельную лингвистическую дисциплину оформляется когнитивная лингвистика, категории которой являются категориями мыслительного содержания, которые моделируют знания о мире, зафиксированные в структуре языка. На наш взгляд, лингвистика стоит на пороге разграничения ментального и грамматического мышления.

Вопросы языковой картины мира и связи её с языком и культурой этноса относятся к категории наиболее дискуссионных. Языковая картина мира репрезентирует особенности менталитета говорящего/пишущего носителя языка.

Считается общепризнанным утверждение, что наиболее плодотворное развитие локализуется на границах культур, научных дисциплин и направлений. Это открывает новые возможности изучения языков в условиях многонационального полилога. «Складывающаяся языковая ситуация выдвигает новые, как никогда прежде, актуальные, научные проблемы казахстанской русистики» [2, 10]. Активно разрабатываются проблемы языковых контактов и интерференции, функционирования русского языка.

Представители Пражской школы обратили внимание на языковые союзы, возникающие на границе взаимодействия разных языков. Для этих объедине-

ний вводится термин региональные языковые союзы.

В условиях контактного двуязычия образуется поле соприкосновения языков, в рамках которого происходят различные процессы интерференции, охватывающей разные уровни языка. Проблемы русско-казахской интерференции освещены в работах казахстанских учёных достаточно полно. Однако проблемы влияния казахского языка на русский язык исследованы недостаточно.

В лингвистической литературе всё чаще встречаются осторожные высказывания о формировании в бывших республиках Советского Союза «вариантов» русского языка. Появились такие понятия, как «исконный русский язык» (русский язык на территории России), «русский язык ближнего зарубежья» и т.п.

Русский язык в условиях казахско-русского двуязычия, несомненно, испытывает влияние казахского языка, и это влияние проявляется на разных уровнях языка.

Познание языка другого народа, приобщение через язык к его культуре создаёт тот фундамент, на котором в разноэтничном обществе, каким является Казахстан, осуществляется диалог разных культур. Формируется толерантность и взаимное уважение и доверие разных этносов.

В 2005 году Бодагуловой Г.М. защищена докторская диссертация на тему «Функционально-коммуникативная модель русского языка Казахстана» [3].

Мы разделяем мнение автора об основных тенденциях развития русского языка, хотя нам представляется, что десятилетие для развития языка слишком небольшой срок, чтобы категорично утверждать о существовании особой модели русского языка Казахстана.